# ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

## ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2017 жылғы қаңтар-желтоқсанда Екібастұз қ.ә. бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар 172,1 млрд. теңгені (2016 жылға 75,7%) құрады. Облыстың инвестиция көлеміндегі ауданның үлесі - 34,8%.

Инвестицияларды қаржыландыру көзі бойынша 69,5%-ды кәсіпорындар мен ұйымдардың және халықтың өз қаражаты құрады, банктердің кредиттері үлесіне 14,9%-дан келді, бюджет және қарыз қаражаты сәйкесінше 11,9% және 3,7% болды.

Инвестицияның технологиялық құрылымында ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу бойынша жұмыстар 19,8%-ды, маши-

түрлерінің тірідей салмақта союға өткізілгені (барлығы) - 5418,5 тонна, немесе өткен жылдың сәйкес кезеңіне 101,7%-ды, сауылған сиыр сүті 22579 тонна (немесе 100%), алынған тауық жұмыртқалары 2318,3 мың дана немесе 2016 жылдың сәйкес кезеніңе 100,1 %-ды құрады.

## ҚҰРЫЛЫС

2017 жылғы қаңтар-желтоқсан қорытындылары бойынша құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 24,3 млрд. теңгені немесе 2016 жылға 47%-ды құрады. Жеке меншік құрылыс ұйымдары жалпы жұмыс көлемінің 96,2%-ын орындады, шетел мердігерлерінің үлесіне – 3,4%, мемлекеттік мердігерлер үлесіне 0,4%-дан келеді.

105 жаңа ғимараттың құрылысы аяқталды, оның ішінде 82-сі – тұрғын үйлер және 23-і – тұрғын емес үйлер.

2016 жылмен салыстырғанда пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы алаңы 2,1 есе өсті және 37629 шаршы метрді құрады.

ның меншігіндегі кәсіпорындар 3,4%-ды құрады.

## БАҒА

2017 жылғы желтоқсан айында негізгі азық-түлікті тұтынудың ең төмен нормалары негізінде есептелген күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы 21672 теңгені құрады, бұл - облыс бойынша орташа (20804 теңге) 4,2%-ға жоғары көрсеткіш.

2017 жылғы желтоқсан айында 2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда азық-түлік тауарлары бойынша 1 және 2 санатты жұмыртқа - 31,4%-ға, сүзбе майлылығы - 5-9%-6,1%-ға, қаймақ - 2,7%-ға, кеспе - 1,3%, рожкилер - 0,9%, картоптың 6%-ға өсуі белгіленді.

Сонымен қатар, бірінші сұрыпты бидай ұны - 12,2%-ға, қарақұмық жармасы - 3,9%-ға, құмшекер - 8,2%-ға, тауықтың сирағы бағасының 1,2%-ға төмендеуі байқалды.

## ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында Екібастұз қ.ә. кә-

налар, жабдықтар, құрал-саймандар – 79,4%, өзге де шығындар 0,8%-ды құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір көлемі өнеркәсіп саласында қалыптасты (63%). Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазудың дамуына жалпы инвестициялар көлемінің 27,2%-ы; өңдеу өнеркәсібіне – 18,3%; электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптауды дамытуға 15,7%-ы жұмсалды.

## ӨНЕРКӘСІП

2017 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында өнеркәсіп кәсіпорындары 522,2 млрд. теңге сомасында өнім (жұмыс, қызмет) өндірді. Өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 150,2%-ды құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің 62,2%-ын құрайтын кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда нақты көлем индексі 160,8%-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесіне өнеркәсіп өндірісінің 9,2%-ы келеді. Өнеркәсіптің осы секциясында нақты көлем индексі 114,5%-ды құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің 28,1%-ын құрайтын электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптауда нақты көлем индексі 141,5%-ды құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің 0,5%-ын құрайтын сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылауда нақты көлем индексі 101,4%-ды құрады.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Екібастұз қ.ә. ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2017 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 9,1 млрд. теңгені құрады. Нақты көлем индексі - 105,8%.

Жылқы саны 5,9%-ға көбейді.

2017 жылғы қаңтар-желтоқсанда мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру: мал мен құстың барлық

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыстың бизнес құрылымындағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны 7708 бірлікті, соның ішінен 1598 бірлігі – шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, 5872 бірлігі – жеке кәсіпкерлер, 238 бірлікті шаруа немесе фермерлік қожалықтары құрады.

## ІШКІ САУДА

2017 жылғы қаңтар-желтоқсандағы бөлшек сауда айналымы 52,1 млрд. теңгені құрады және 2016 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 17,3%-ға ұлғайды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-желтоқсанындағы көтерме сауда айналымы 84,4 млрд. теңгені құрады.

## КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Екібастұз қ.ә. 2512 заңды тұлға тіркелді.

Жұмыс істейтін заңды тұлғалардың саны 75,5%, немесе 1897 бірлікті құрады. Жұмыс істейтіндердің ішінде 57,9%-ын белсенділер (1098 бірлік), 31,9%-ын – уақытша қызметін тоқтатқандар (606), 10,2%-ын жаңадан тіркелгендер (193) құрады.

Өлшемділігі бойынша едәуір үлес салмақты (97,4%) шағын кәсіпорындар (жұмыспен қамтылғандар саны 100 адамға дейін), 1,6%-ын – орта кәсіпорындар (101 – 250 адамға дейін), 1%-ын ірі кәсіпорындар (жұмыспен қамтылғандар саны 250 адамнан аса) алады.

Меншік нысаны бөлігінде жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар 90,5%, мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар – 6,1% және басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтары-

айларында Екібастұз қ.ә. кәсіпорындары бойынша (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындардың қызметкерлерін есептемегенде) жалдамалы қызметкерлер саны 38979 адамды құрап, 2016 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7%-ға төмендеді.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 152646 теңгені (немесе 2016 жылдың сәйкес кезеңіне 111,3%-ды) құрады. Нақты жалақы индексі - 105,9%.

2016 жылғы жұмыссыздық деңгейі 5,1%-ды құрады, соның ішінде ерлер - 4,8%, әйелдер - 5,3%. Жастар жұмыссыздығы (15-24 жас) 2,2%-ды құрады, (15-28 жас) –3,1%.

## ДЕМОГРАФИЯ

2017 жылғы 1 желтоқсанға Екібастұз қ.ә. халқының саны 152,8 мың адамды құрады.

2017 жылғы қаңтар-қараша аралығында Екібастұз қ.ә. бойынша 2159 жаңа туған сәби тіркелді, бұл - 2016 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 3,9%-ға төмен көрсеткіш.

Қаңтар-қарашада тіркелген қайтыс болған адамдар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 80 адамға төмендеді (немесе 6,6 %) және 1125 адамды құрады.

Талданған кезеңде АХАТ органдарында 1035 неке және 612 ажырасу тіркелді. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда неке қию саны 68 жағдайға, ажырасу саны 45 жағдайға көбейді.

2017 жылғы қаңтар-қараша аралығында келгендердің саны 4500 адамды, ал кеткендердің саны 5329 адамды құрады. Кеткендер санының келгендер санынан асуы нәтижесінде Екібастұз қ.ә. бойынша көші-қонның азаюы 829 адамды құрады.

**Қ.Қожахметова, Екібастұз қаласының статистика басқармасы**